

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

"Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі" ШЖҚ МҚК директоры З.Клышбаева

2024 ж.

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ
СЕРВИС КОЛЛЕДЖЫ» ШЖҚ МҚҚ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ**

2024 жыл

Алғы сөз

- Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат құқықтық қамтамасыз ету және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бөлімінің басшылығы мен қызметкерлерімен әзірленді.
- Бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат директордың бұйрығымен бекітіліп, бекітілген күннен бастап күшіне енеді.
- Бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат барлық қызметкерлер үшін міндетті.
- Осы саясаттың мерзімді тексеруі 3 жылдан аспайтын аралықта жүзеге асырылады.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат алғаш рет енгізілуде.

Мазмұны

- Алғы сөз
- Құжат атавы
- Әзірлеуші
- Құжатты әзірлеу мақсаты
- Нормативтік сілтемелер
- Терминдер мен анықтамалар
- Мақсат пен негізгі міндеттер
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі принциптері
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану аясы және оның әсер ететін тұлғалар ауқымы
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты лауазымды тұлғаларды анықтау
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
- Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың сыйбайлас жемқорлықты болдырмау және оған қарсы күреске байланысты міндеттері
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сактамау үшін жауапкершілік
- Тәуекелдер, процеспен байланысты және тәуекелдерді болдырмау бойынша әрекеттер
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қайта қарau және өзгерістер енгізу тәртібі
- Басқа ережелер

1. Құжат атавы 1.1 Астана қаласы әкімдігінің "Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі" ШЖҚ МКК-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты 02.09.2024 № 69/n

2. Әзірлеуші 2.1 Астана қаласы әкімдігінің "Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі" ШЖҚ МКК директоры

3. Құжатты әзірлеу мақсаты 3.1 Астана қаласы әкімдігінің "Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі" ШЖҚ МКК қызметінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен паракорлықтың алдын алу және оларға тосқауыл қою.

4. Нормативтік сілтемелер 4.1 MC ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар». 4.2 MC ISO 9000:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік». 4.3 MC ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі – талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық». 4.4 Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. 4.5 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 4.6 Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандагы № 309 Жарлығы «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын 2022–2026 жылдарға бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы». 4.7 Қазақстан Республикасы Укіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 Қаулысы «2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру және көленкелі экономикамен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы». 4.8 Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері. 4.9 Президент жарлықтары. 4.10 Жарғы. 4.11 Директордың бұйрықтары мен өкімдері.

5. Терминдер мен анықтамалар

- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыруға, қоғамның сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы.
- **Парақорлық** – заңсyz артықшылықтарды ұсыну, уәде беру, беру, қабылдау немесе сұрау (қаржылық немесе қаржылық емес), заң талаптарына қайшы келетін, тұлғаның қызметтік міндеттерін орындаудың немесе орындаудағына сыйақы ретінде.
- **Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың ықтималдығы.
- **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау** – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда, талдау және дәрежелеу бойынша жалпы процесс.
- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі**
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен мақсаттарды өзірлеуге, сондай-ақ процестерді ұйымдастыруға арналған өзара байланысты немесе өзара әрекеттесетін элементтердің жиынтығы.

1. Мақсаттар және негізгі міндеттер

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат нормативтік құжат болып табылады. Ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және оларды болдырмауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты қауіптерді төмендетуге және Астана қаласы әкімдігіне қарасты "Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі" (бұдан әрі - колледж) мекемесіне қоғамның сенімін арттыруға бағытталған.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізуіндегі негізгі мақсаттары:

1.2.1. Қызметтегі сыбайлас жемқорлық пен парапорлықты жоу;

1.2.2. Сыбайлас жемқорлыққа тартылу тәуекелдері мен шығындарын азайту;

1.2.3. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрін қабылдамау саясатын түсіну мен ұстануды қалыптастыру;

1.2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру және жалпыға жеткізу.

1.3. Мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттер белгіленеді:

1.3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі принциптерін бекіту;

1.3.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданылу саласы мен оған бағынатын тұлғалар аясын анықтау;

1.3.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғаларды анықтау;

1.3.4. Жүзеге асырылатын шараларды, стандарттарды, рәсімдерді, тәртіпперді және оларды орындау тәртібін белгілеу;

1.3.5. Қызметкерлердің жауапкершілігін бекіту.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі принциптері

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі принциптері Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының ережелеріне негізделеді:

2.1.1. Зандылық;

2.1.2. Адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары және занды мұдделерінің қорғалу басымдығы;

2.1.3. Ашықтық пен айқындылық;

2.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүйелі және кешенді қолдану;

2.1.5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

2.1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көмек көрсететін тұлғаларды ынталандыру;

2.1.7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартастыры.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі келесі принциптерге негізделеді:

2.2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпыға бірдей нормаларға сәйкестік принципі: қолданылатын шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына және басқа да нормативтік актілерге сәйкестігі;

2.2.2. Көшбасшылықтың жеке үлгі көрсету принципі: басшылық кез келген деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатан ұстанымды қалыптастыруы және өз мінез-кулқымен үлгі көрсетуі тиіс;

2.2.3. Қызметкерлерді тарту принципі: қызметкерлердің лауазымына қарамастан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді әзірлеу және іске асыруға белсенді қатысуы;

2.2.4. Нөлдік төзімділік принципі: сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі мен көрінісіне жол бермеу;

2.2.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мерзімді бағалау принципі: қызметтің ерекшеліктеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мерзімді негізде анықтау және бағалау;

2.2.6. Ашықтық принципі: қоғамды, серіктестерді, контрагенттерді жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы ақпараттандыру;

2.2.7. Жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығы принципі: қызметкерлердің лауазымына, жұмыс өтіліне және басқа шарттарға қарамастан, олардың еңбек міндеттерін орындауға байланысты жасаған сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы; сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру үшін басшылықтың жауапкершілігі.

3. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданылу саласы және оған бағынатын тұлғалар

3.1. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданылу аясына қызметтік міндеттеріне және

атқаратын функцияларына қарамастан еңбек қатынастарында тұрған барлық қызметкерлер

кіреді. **3.2.** Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясатта бекітілген рәсімдерді орындауға қатысатын

барлық қызметкерлер осы саясат талаптарын сақтамау үшін жауапкершілік алады. **3.3.** Осы

Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері коллеж азаматтық-құқықтық, соның

ішінде шарттық қатынастар орнататын үшінші тұлғаларға (жеке тұлғалар, занды тұлғалар, контрагенттер, бизнес-серіктестер) тараулуы мүмкін.

4. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты тұлғаларды анықтау

4.1. Директор:

- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне байланысты қызметтің жалпы бақылауын жүзеге асыруға міндетті;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне қатысты көшбасшылық пен адалдықты көрсетуі тиіс.

Директордың негізгі міндеттері:

- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясатты бекіту;
- Стратегия мен сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттың үйлесімді болуын қамтамасыз ету;
- Белгіленген уақыт аралықтарында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің жағдайы мен жұмыс істеуі туралы ақпарат алу және талдау;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің нәтижелігін бақылауды жүзеге асыру;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстарды бөлу;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясат туралы ақпаратты ішкі және сыртқы тараптарға (жеткізушилер, мердігерлер, орындаушылар, тапсырыс берушілер және т.б.) хабарлау;
- Ішкі ұжым арасында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджменттің маңыздылығын және оған сәйкестілік талаптарын түсіндіру;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің дұрыс әзірленуін және мақсаттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- Үздіксіз жетілдіруге ынталандыру.

5. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы қызмет / Комплаенс Офицер

5.1. Басшының шешімі бойынша, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы қызмет функцияларын орындау тәрбиелік жұмыстар бөлімінің меңгерушісіне жүктеледі. Бұл тұлға келесі құзыреттер мен жауапкершіліктерге ие:

- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің әзірленуін, енгізілуін және жұмыс істеуін бақылау;
- Сыйбайлар жемқорлық пен паракорлық мәселелері бойынша қызметкерлерге кеңес беру және жетекшілік ету;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі туралы есеп беру.

5.2. Комплаенс қызметі жеткілікті ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс, ал тағайындалған тұлғалар тиісті құзыреттілікке, мәртебеге, екілеттіктерге және тәуелсіздікке ие болуы қажет. Бұл сыйбайлар жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі мен сыйбайлар жемқорлыққа қарсы

заңнаманың талаптарына сәйкестілікті қамтамасыз ету міндеттерін тиімді орындау үшін қажет.

5.3. Комплаенс қызметі директорға тікелей және жылдам қол жеткізу құқығына ие болуы тиіс. Бұл сыйбайлас жемқорлық, парапорталық немесе колледже жұмыс істеп тұрган сыйбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне қатысты кез келген мәселені немесе проблеманы жоғары деңгейде қарастыру үшін маңызды.

6. Қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-кимылға қатысты міндеттері

6.1. Қызметкерлер лауазымы мен жұмыс өтіліне қарамастан, өз қызметтік міндеттерін орындауға байланысты:

- **6.1.1.** Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерін басшылыққа алып, оның принциптері мен талаптарын қатаң сақтау;
- **6.1.2.** Жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға немесе қатысуға дайындық ретінде түсіндірілуі мүмкін мінез-құлықтан бас тарту;
- **6.1.3.** Ұйымның мүддесі үшін немесе ұйым атынан жеке пайда алу үшін жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға немесе қатысуға жол бермеу;
- **6.1.4.** Өзге қызметкер тараپынан жасалған немесе қызметкерге қатысты жасалған болжамды немесе нақты жемқорлық әрекеттері туралы басшылыққа немесе Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғаларға дереу хабарлау;
- **6.1.5.** Қызметкерді жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелей жағдайлары туралы басшылыққа немесе жауапты тұлғаларға дереу хабарлау;
- **6.1.6.** Әрбір негізделген күдік немесе орнатылған жемқорлық немесе парапорталық фактілері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ішкі актілеріне сәйкес қызметтік тергеулер жүргізілетін болады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар

7.1. Жыл сайын Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың жоспары бекітіледі. Онда олардың іске асырылу мерзімі және жауапты тұлғалар көрсетіледі.

7.2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың қолданыстағы ішкі нормативтік актілерін жаңарту және оларды халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестендіру қажет. Сонымен қатар Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әрі қарай бекіту мақсатында қосымша нормативтік құжаттарды әзірлең, қабылдау қажет

. **7.3.** Сыйбайлас жемқорлық пен парапорталыққа қарсы құреске ықпал ететін немесе болжамды немесе нақты сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын тұлғаларды ынталандыру жүйесін енгізу қажет

. **7.4.** Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бір элементі – сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін мерзімді бағалау. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты – қызметкерлердің жеке пайда алу мақсатында сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығы жоғары қызмет түрлерін анықтау.

7.5. Қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы құрес бойынша келесі тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

- **7.5.1.** Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін занды жауапкершілік;
- **7.5.2.** Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылға қатысты заңнама талаптары және ішкі құжаттармен таныстыру, сондай-ақ олардың қызметте қолдану тәртібін оқыту;
- **7.5.3.** Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы құрес мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу және т.б.

7.6. Ишкі бақылау сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және оларды анықтауга ықпал етеді. Бұл ретте ішкі бақылау және аудит жүйесінің келесі міндеттерін іске асыру ерекше маңызды: нормативтік құқықтық актілердің және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына қызметтің сәйкестігін қамтамасыз ету.

7.7. Серікtestермен өзара әрекеттесуде ұйымдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы ақпарат беріледі. Сонымен қатар, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау бойынша ережелерді шарттарға қосу мүмкін. Біз бизнесті адаптация және

ашық жүргізетін, өз беделіне қамқорлық жасайтын, бизнесті жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды қолдайтын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыратын және ұжымдық антикоррупциялық бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастар орнатуға және сақтауға ұмтыламыз.

7.8. Комплаенс қоғамды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды енгізу деңгейі мен жетістіктері туралы хабардар етеді. Бұл ақпарат ресми сайтта орналастырылуы мүмкін.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамау үшін жауапкершілік

9.1. Барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауы тиіс.

9.2. Барлық қызметкерлер осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың принциптері мен талаптарын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді.

9.3. Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte және негіздерде тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қайта қарau және оған өзгерістер енгізу тәртібі

10.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа өзгерістер енгізу және қайта қарau келесі жағдайларда жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу; осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жеткіліксіз тиімді ережелерін немесе қолданыстағы заңнамаға қайшы ережелерді анықтау және т.б.

10.2. Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа өзгерістер енгізу және қайта қарau Басшының шешімімен бекітіледі.

11. Басқа ережелер

11.1. Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бекітілген күннен бастап күшіне енеді және барлық қызметкерлер, серіктестер, мұдделі тұлғаларға жеткізіледі, сондай-ақ веб-сайтта орналастырылады.

11.2. Жаңадан жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер енбек шартына қол қойғанда осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерімен қоғамның ішкі актілерінде көзделген тәртіpte танысуы тиіс.